

Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде әскери кафедра құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 7 қыркүйек N 1319

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері үшін Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің студенттері қатарынан запастағы офицерлер даярлау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде оқу орнына бөлінген қаражаттың шамасында және штат санының шегінде әскери кафедра құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Қорғаныс министрлігімен бірлесіп осы қаулыны іске асыру жөнінде заңдарда көзделген шараларды қабылдасын.

3. < * >

Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.05.24. N 449 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі